

Д.Қ. Құндызбай *¹

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты,
Қазақстан Республикасы, Алматы
E-mail: diana.krmu@mail.ru*

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНШЫЛЫҒЫН ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығы мәселесін цифрлық педагогика аясында оқыту әдістемесі қарастырылады. Зерттеу барысында тарихи оқиғаларды заманауи цифрлық құралдар арқылы түсіндірудің маңыздылығы талданады. Автор тарихи шындықты жеткізуде интерактивті карталар, мультимедиялық ресурстар, деректер визуализациясы мен цифрлық архивтерді пайдаланудың тиімділігін көрсетеді. Мақалада білім беру процесінде инновациялық технологияларды қолдану тарихи материалдарды игеру сапасын жақсартуға, оқушылар мен студенттердің қызығушылығын арттыруға көмектесетіні атап өтіледі. Цифрлық педагогиканың мүмкіндіктері арқылы XX ғасырдағы қазақ халқының ауыр тағдырын түсінуге және оны болашақ ұрпаққа шынайы жеткізуге жол ашылады.

Сонымен қатар, мақалада тарихи оқиғаларды оқытуда заманауи ақпараттық технологиялардың орны мен рөліне ерекше назар аударылады. Цифрлық әдістерді қолдану студенттер мен оқушыларға деректерді сараптау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тарихи білім берудің сапасын арттырып қана қоймай, жастардың тарихқа деген қызығушылығын арттыруға да ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері тарихи білім беруді жаңғыртуға үлес қоса отырып, болашақта оқыту әдістерін жетілдіру үшін маңызды теориялық және практикалық негіз бола алады.

Кілт сөздер: XX ғасыр, қазақ босқыншылығы, цифрлық педагогика, тарихи білім, оқыту әдістемесі, инновациялық технологиялар, мультимедиялық ресурстар.

Құндызбай Д.Қ. *¹

*¹Докторант Казахского национального педагогического университета имени Абай,
Алматы, Республика Казахстан
E-mail: diana.krmu@mail.ru*

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ВЫНУЖДЕННОГО ПЕРЕСЕЛЕНИЯ КАЗАХОВ 1920–1930-Х ГОДОВ НА ОСНОВЕ ЦИФРОВОЙ ПЕДАГОГИКИ

Аннотация


В данной статье рассматривается методика преподавания темы вынужденного переселения казахов в 1920–1930-х годах в рамках цифровой педагогики. В ходе исследования анализируется важность объяснения исторических событий с использованием современных цифровых инструментов. Автор раскрывает эффективность интерактивных карт, мультимедийных ресурсов, визуализации данных и цифровых архивов для передачи исторической правды.

В статье подчеркивается, что применение инновационных технологий в образовательном процессе способствует улучшению усвоения исторического материала, а также повышает интерес учащихся и студентов. Возможности цифровой педагогики помогают глубже понять тяжелую судьбу казахского народа в XX веке и передать эти знания будущим поколениям.

Кроме того, особое внимание уделяется роли современных информационных технологий в преподавании исторических событий. Использование цифровых методов позволяет обучающимся развивать аналитические навыки работы с историческими данными. Такой подход не только повышает качество исторического образования, но и способствует росту интереса молодежи к истории.

Результаты исследования вносят вклад в модернизацию преподавания истории и могут послужить важной теоретической и практической основой для дальнейшего совершенствования образовательных методов.

Ключевые слова: XX век, вынужденное переселение казахов, цифровая педагогика, историческое образование, методика преподавания, инновационные технологии, мультимедийные ресурсы.

Kundyzbay D.K.  *¹

*Doctoral student of the Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Republic of Kazakhstan*

E-mail: diana.krmu@mail.ru

TEACHING METHODOLOGY OF THE FORCED DISPLACEMENT OF KAZAKHS IN THE 1920S–1930S BASED ON DIGITAL PEDAGOGY

Abstract

This article examines the methodology of teaching the topic of the forced displacement of Kazakhs in the 1920s–1930s within the framework of digital pedagogy. The study analyzes the importance of explaining historical events using modern digital tools. The author highlights the effectiveness of interactive maps, multimedia resources, data visualization, and digital archives in conveying historical truth.

The article emphasizes that the use of innovative technologies in the educational process improves the comprehension of historical material and increases students' interest. The opportunities provided by digital pedagogy help to gain a deeper understanding of the difficult fate of the Kazakh people in the 20th century and ensure that this knowledge is passed on to future generations.

Additionally, special attention is given to the role of modern information technologies in teaching historical events. The use of digital methods enables learners to develop analytical skills for working with historical data. This approach not only enhances the quality of historical education but also fosters a greater interest in history among young people.

The research findings contribute to the modernization of history teaching and provide a significant theoretical and practical foundation for further improvement of educational methods.

Keywords: 20th century, forced displacement of Kazakhs, digital pedagogy, historical education, teaching methodology, innovative technologies, multimedia resources.

Кіріспе. Бүгінде әлем елдері білім беру жүйесіне цифрлық технологияларды белсенді түрде енгізіп, жаңашыл білім бағдарламаларын әзірлеуге ерекше көңіл бөлуде. Қазақстан да бұл бағытта қарқынды дамып келеді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «*Цифрландыру – ұлттық бәсекеге қабілеттілікке жетудің негізгі құралы*» [1] деп атап өткен. Осыған сәйкес, Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары білім

берудің заманауи үрдістерін ескере отырып, жаңа әдістемелік бағыттарды дамытуды қолға алуда.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын цифрлық педагогика аясында оқыту – тарихи шындықты жаңа технологиялар арқылы тереңірек зерттеуге және оны білім алушыларға қолжетімді әрі түсінікті түрде жеткізуге мүмкіндік беретін өзекті мәселе. Кеңестік биліктің аграрлық реформалары, күштеп ұжымдастыру, бай-кулактарды тәркілеу және ашаршылық салдарынан миллиондаған қазақ босқынға айналды. Бұл оқиғалар – Қазақстан тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі. Цифрлық педагогика құралдары осы тарихи кезеңді оқытуда жаңа әдістерді енгізуге жол ашады. Мультимедиялық ресурстар, тарихи карталар, архивтік құжаттардың цифрлық нұсқалары, анимациялық модельдер мен интерактивті платформалар XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы босқыншылықтың себеп-салдарын жан-жақты талдауға жағдай жасайды. Бұл тәсілдер тарихи сананы жаңғыртып, тарихи деректерді сын тұрғысынан бағалауға және өткен оқиғалар туралы объективті көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын цифрлық педагогика аясында оқыту – тарихи оқиғаларды жаңа форматта ұсынудың маңызды әдістерінің бірі. Бұл тәсіл білім беру жүйесін жетілдірумен қатар, жас ұрпақтың тарихи жадын сақтауға және өткенді ғылыми негізде терең зерделеуіне мүмкіндік береді.

Өзектілігі. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану қажеттілігі күн санап артып келеді. Цифрлық педагогика – білім беру мен оқытудың жаңа әдістерін қамтитын инновациялық бағыт, ол білім алушылардың ақпаратты тиімді қабылдауын, өңдеуін және сараптауын жеңілдетеді. Осыған байланысты XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырауын цифрлық педагогика аясында оқыту әдістемесін әзірлеу өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Бұл кезең – Қазақстан тарихындағы ең ауыр уақыттардың бірі. Кеңестік биліктің аграрлық реформалары, күштеп ұжымдастыру мен бай-кулактарды тәркілеу саясаты салдарынан миллиондаған қазақ босқынға айналды. Бір бөлігі шет елдерге қоныс аударуға мәжбүр болса, қалғандары ашаршылық пен ауыр өмір жағдайына тап болды. Осы тарихи оқиғаларды жаңа әдістемелік тұрғыда оқыту – болашақ ұрпаққа шынайы ақпарат берудің, тарихи сананы жаңғыртудың және тарихи деректерді жан-жақты зерттеудің маңызды құралы болып табылады.

Цифрлық технологиялар бұл тарихи кезеңді оқытуда жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Мультимедиялық құралдар, виртуалды карталар, архивтік материалдардың сандық нұсқалары және интерактивті платформалар арқылы білім алушылар босқыншылықтың себеп-салдарын тереңірек түсіне алады. Сонымен қатар, деректерді визуалды түрде ұсыну, 3D модельдеу және анимациялық реконструкция жасау тарихи оқиғаларды жан-жақты қабылдауға ықпал етеді. Жалпы, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын цифрлық педагогика аясында оқыту – тарихи білімді жаңаша игеруге мүмкіндік беріп қана қоймай, студенттердің талдау, сын тұрғысынан ойлау және тарихи деректерді бағалау қабілеттерін дамытатын тиімді әдістеме ретінде маңызды рөл атқарады.

Материалдар мен әдістер. Цифрлық тарих әдістері алғаш рет 1997 жылы Э. Айерс пен У. Томас Вирджиния университетінде Вирджиния цифрлық тарих орталығын (Virginia Center for Digital History, VCDH) құру кезінде қалыптасты. Алайда, бұл бағыттағы алғашқы қадамдар 1994 жылы Р. Розенцвейгтің Джордж Мейсон университетінде «Тарих және жаңа медиа орталығын» (Center for History and New Media, CHNM) ашуымен басталды. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығы сияқты күрделі тарихи оқиғаларды зерттеуде цифрлық әдістер маңызды рөл атқарады.

Негізгі теориялық еңбектер. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын цифрлық педагогика арқылы оқытуда келесі еңбектерді қолдануға болады: Э. Айерс – *«Цифрлық тарихтың өткені мен болашағы»*, Д. Коэн және Р. Розенцвейг – *«Сандық тарих: Дүниежүзілік желіде өткенді жинау, сақтау және бейнелеу бойынша нұсқаулық»*, Х. Салми – *«Цифрлық тарих дегеніміз не?»*, Р. Буза – *«Тарихи ақпараттану ғылымының өткені, бүгіні және болашағы»*, Дж. Уинтерс – жаңа әдістер туралы зерттеулері, Сифелд

Д., Томас В.Г. – «Сандық тарих дегеніміз не?» (2009), Винтерс Дж. – «Сандық тарих» (2018). Бұл еңбектер қазақ босқыншылығын оқыту барысында деректерді цифрландыру, тарихи карталарды пайдалану және мультимедиялық технологияларды енгізудің маңыздылығын көрсетеді.

Цифрлық педагогикада қолданылатын негізгі әдістер. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың бірнеше негізгі әдістері бар:

- Виртуалды карталар – қазақ босқындарының көші-қонын интерактивті карта түрінде көрсету.
- Деректер базасы – архив құжаттарын, халық санағы мәліметтерін цифрлық форматта сақтау.
- Мультимедиялық платформалар – деректі фильмдер, анимациялар мен фотоматериалдар арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттыру.
- Цифрлық реконструкциялар – 3D модельдеу арқылы босқындар өмір сүрген орта мен тарихи контекстті қайта жасау.

Цифрлық технологияларды зерттеген ғалымдар. Білім беру саласында цифрлық технологиялардың маңызын зерттеген ғалымдар қатарында М. И. Максеенко, Л. В. Шмелкова, Е. Л. Вартанова, С. С. Смирнов, А. Марей, Л. В. Орлова, А. Ю. Уваров және басқалар бар. А. Ю. Уваровтың пікірінше, цифрлық технологияларды пайдалану «синергетикалық жаңартумен» бірге жүзеге асырылуы тиіс, яғни тарихты оқытуда интерактивті әдістер мен инновациялық технологияларды кешенді түрде енгізу қажет.

Жаңа мыңжылдықта компьютер мен интернеттің дамуы тарихшылардың зерттеу құралдары мен әдістерін түбегейлі өзгертті. Бұл цифрлық тарихтың қарқынды қалыптасуына алып келді. Дәстүрлі зерттеу әдістерімен қатар, сандық тарих жаңа форматтағы зерттеулерді ұсынуға мүмкіндік береді.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын цифрлық педагогика аясында оқыту – тарихи шындықты жаңа технологиялардың көмегімен тереңірек зерттеудің, білім алушылардың тарихи оқиғаларды жан-жақты талдау дағдыларын дамытудың тиімді жолы. Цифрлық тарих әдістерін пайдалану білім беру процесін жаңғыртып, тарихи сананы қалыптастыруға және объективті зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Талқылау. Бұл бөлімде ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын оқытуда цифрлық педагогика мен сандық тарих әдістерін қолданудың маңыздылығы жан-жақты талқыланады. Автор тарихи оқиғаларды жаңа форматта ұсынудың қажеттілігін көрсетіп, интерактивті мультимедиялық ресурстар, 3D модельдеу, деректер базасы, қашықтықтан оқыту және геоақпараттық жүйелерді енгізу арқылы білім беру сапасын арттыруға болатынын дәлелдейді [2], [3].

Тарихи білім берудің мәні. Тарихсыз толыққанды мәдениетті тұлғаны қалыптастыру мүмкін емес. Тарих пәнін оқыту дүниетанымды кеңейтеді, патриотизм мен адамгершілікті дамытады.

Цифрлық педагогиканың рөлі. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығы күрделі тарихи тақырыптардың бірі болғандықтан, оны визуализация арқылы оқыту маңызды. Сандық технологиялар тарихи деректерді өңдеуді жеңілдетіп, архив құжаттарына қолжетімділікті арттырады [4]. Білім алушылардың зерттеу қабілеттерін дамыту басты міндет.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырауын оқытуда қолданылатын технологиялар:

- Интерактивті карталар – босқындардың көші-қон бағытын көрсету.
- Деректер базасы – архивтік құжаттарды сандық форматта сақтау.
- Мультимедиялық платформалар – бейнематериалдар, тарихи фильмдер.
- 3D модельдеу және анимациялар – босқындар өмірін реконструкциялау.
- Геоақпараттық жүйелер – тарихи көші-қон процестерін картада визуализациялау (*Google Earth, ArcGIS, Historypin*).

Осы арқылы цифрлық педагогика мен тарихты оқытуда жаңашылдықтар енгізіледі:

- Демонстрациялық сабақтар – көрнекілік арттыру.
- Компьютерлік тестілеу – білім алушының білімін бағалау.
- Қашықтықтан оқыту және олимпиадалар – ізденімпаздықты дамыту.

Цифрлық педагогиканың артықшылықтары:

- Тарихи деректерді бір жүйеге келтіреді.
- Білім алушылардың зерттеу, аналитикалық және деректерді жүйелеу дағдыларын дамытады.
- Кешенді ақпаратты визуализациялау білім сапасын жақсартады.
- Білім алушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттырады.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын оқытуда цифрлық педагогика әдістерін пайдалану – тарихты тереңірек түсінудің және білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытудың тиімді жолы. Бұл тәсіл тек тарихи оқиғаларды есте сақтауға ғана емес, ақпаратпен жұмыс істеуді, талдауды және тарихи сананы қалыптастыруға көмектеседі [5].

Цифрлық технологиялар дәстүрлі тарих оқыту әдістерін толықтыра ала ма, әлде алмастыра ма? Босқыншылық сияқты күрделі тарихи тақырыптарды оқытуда мультимедиялық ресурстардың қандай этикалық шекаралары болуы керек? Сандық тарих құралдарын қолдану білім алушылардың сыни ойлау қабілетін қаншалықты дамыта алады? деген сұрақтарды жан-жақты талқылау үшін мысал ретінде «дәріс» сабағының жоспары мен құрылымы қарастырылады.

Дәріс тақырыбы: XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығы және цифрлық оқыту әдістері

Кіріспе. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі – кеңестік қуғын-сүргін, ашаршылық және босқыншылық болды. Кеңес үкіметінің жаппай ұжымдастыру, тәркілеу, күштеп отырықшыландыру, жазалау және зорлық-зомбылық саясаттарының нәтижесінде қазақ халқы бұрын-соңды болмаған ауыр жағдайға тап болды. Жүздеген мың қазақтар атамекенін тастап, Қытай, Өзбекстан, Ресей, Түркия сияқты елдерге босып кетті.

Қазіргі таңда бұл тақырыпты цифрлық оқыту технологияларын қолдана отырып зерттеу және оқыту жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Цифрлық тарих әдістері арқылы тарихи материалдарды визуализациялау, мультимедиялық форматта беру және оқушылардың дереккөздермен өз бетінше жұмыс істеуін дамытуға болады.

Қазақ босқындарының тағдыры туралы тарихи мәтін. Қазақстандағы Кеңес өкіметінің 20-30 жылдардағы қылмыстарын адамзатқа қарсы жасалған ең қорқынышты қылмыстармен қатар қоюға болатынын дәлелдеді. Бүтіндей алғанда, қазақтардың жалпы санының кемуіне себепші болған «Кіші Қазан» ұжымдастыру саясатын жасырылмаған геноцид деп есептеуге болады. Онымен бір мезгілде билік органдары қазақтардан «босаған» жерлерге КСРО-ның басқа аймақтарынан қуғын-сүргінге ұшырап, мал-мүлкінен айырылған кулақтарды әкеліп қоныстандыра бастады. Осы көтерілістің болуының бір себебі, жергілікті қазақтарды тұрып жатқан жерлерінен қудалап қайыршы құсап қолында бар заттарынан айырылып туған жерлеріне өзге ұлттар орыстар, украйндықтар, татарлар ұйғырлардың келген болатын. Сондықтан қара халық бірігіп өз наразылықтарын білдірді. Қазақ жерінің бестен бірі қазақтардың пайдалануынан алынып қойылған [6].

Жергілікті босып кетуі дер кезінде шара қолданбауынан туындап өршіп түскендіктен болды. Жерлерінен айырған халық патшалық Ресейден кейін Кеңес өкіметінің дөрекі саясаттарынан жай оянған деп ойлаймыз. Наурызда көтерілген жергілікті көтеріліс және наразы болғандар сәуір айында жалғасып Молалы, Қызылағаш ауылдарының тұрғындары қоныстарынан айырылып осы аймақта жалғасты. Осы кезде ұжымдастыруға наразылығын білдірген белсенділерді айыптап сотқа тарта бастаған. Сондықтан зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, мәліметтер келтіргенің мынадан көруге болады. Анықбаев Бейсембай – бұрын 14 ауылдық кеңестің төрағасы қызметін

атқарған. Оған жоғарыдан келген міндеттемелерді орындамады деп жала жабылған. Бисембаев Егемұра жауапты кеңес қызметкері, болыстық революция кеңесінің төрағасы болған, пара алды деп айып тағылып сотқа тартылған. Исақов Жүсіпбек-бай, Баламұқов Ерғали бай, Таскенбаев Қиязбек, Сексенбаев Мұхамдия осы азаматтар болған [7], 1929–1931 жж. бүкіл халықтық бой көрсетулер жеңіліске ұшырады. Мұның басты себебі көтерілісшілердің нашар қарулануы мен жеткілікті ұйымдаспағандығында еді. Көтеріліс қарқынының төмендеуіне 1930–1931 жж. тақап қалған аштықтың әсері болды. Әлсіреген, қалжыраған, аштыққа ұшыраған көшпелілер өз мүдделерін қолдарына қару алып қорғай алмады. Наразылықтың негізгі формасы – Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аудару болды. Талдықорған өңірі Шұбар деген жер және Қаратал ауданында көтерілістер болып өтіп Малайсарыда жиырма екінші наурызда жалғасын тапты. Мұндағы халық Қытайға қашып бас сауғалап, босқынға айналды. Шет елге қашуға шолақ белсенділердің халыққа жаппай қиянат жасауы ғана емес сонымен қоса өкімет тағдырында әсер еткен дейді ғалымдар мен авторлар [8].

Босқыншылықтың тарихи себептері мен салдары дәріс барысында талқыланады:

Себептері:

- 1928 жылы ірі байларды тәркілеу науқаны.
- 1929–1931 жылдары қазақ шаруаларының кеңестік ұжымдастыруға қарсы қарулы көтерілістері.
- Кеңес үкіметінің жазалау шаралары: ОГПУ отрядтарының халықты басып-жаншуы.
- 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылық, халықтың бас сауғалап шетелге кетуге мәжбүр болуы.
- Қазақтардың туған жерлерінен қуылып, орнына КСРО-ның басқа аймақтарынан халықтың көшірілуі.

Салдары:

- Қазақстан халқының саны күрт азайды (шамамен 2,3 миллион адам).
- 1 миллионға жуық қазақ шетелге босып кетті, оның 600 мыңға жуығы қайта оралмады.
- Қазақстан аумағында әлеуметтік-экономикалық құлдырау орын алды.
- Қазақ диаспоралары Қытай, Түркия, Өзбекстан, Ресей, Моңғолия және басқа елдерге тарайды.

Сонымен қатар цифрлық педагогика арқылы тақырыпты оқу үдерісінде жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың білімін тереңдету, олардың тарихи құбылыстарды визуалды қабылдауын жақсарту әдісін қолдана аламыз.


Мысалы оқыту әдістері: *Интерактивті карталар* – Қазақ босқындарының көші-қон бағыттарын көрсету (Google Earth, ArcGIS). . Виртуалды турлар мен 3D моделдеу – Ашаршылық және босқыншылық кезеңіндегі өмірді көрсету (VR технологиясы). Ашаршылық және босқыншылық кезеңіндегі өмірді көрсету үшін VR технологияларын қолдану өте тиімді. Виртуалды шындық (VR) технологиясы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ халқының басынан өткен ауыр кезеңдерді көру, сезіну және тереңірек түсіну үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Ашаршылық пен босқыншылықты тарихи шынайылықпен бейнелеу оқушылардың тарихты эмоционалды қабылдауын күшейтеді және оларды оқыту процесіне белсенді қатыстыруға көмектеседі. VR технологиясын ашаршылық пен босқыншылықты оқытуда қолдану жолдары: Виртуалды тарихи реконструкциялар қатарына ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ ауылдарының виртуалды үлгілерін жасау; босқындардың көші-қон жолдарын, ашаршылық салдарынан қаңырап қалған ауылдарды VR көмегімен көрсету; Кеңес үкіметінің зорлық-зомбылық саясатынан бас сауғалап, шетелге қашқан қазақтардың босқын жолдарын интерактивті карта арқылы бейнелеу.

Босқындардың өмірін сезіну (Иммерсивті тәжірибе)
Оқушылар VR көзілдірігін киіп, ашаршылық кезінде босқындардың қандай жағдайда өмір

сүргенін көреді [9]. Шекара асып, босқынға айналған қазақтардың тағдырын көрерменнің көзімен бақылауға мүмкіндік береді [10]. Тарихи кейіпкерлердің орнына өзін қойып көру – оқушылардың тарихты терең түсінуіне көмектеседі (<https://youtu.be/zmS-pPralYc>) [11].

Архивтік құжаттар мен цифрлық мұрағаттар негізінде қайта жасалған оқиғалар. Ашаршылықтың ауыр кезеңдерін 3D графикамен реконструкциялау. Кеңес үкіметінің әскери жазалау отрядтарының әрекеттерін бейнелеу. Қытай, Өзбекстан, Ресей және Түркияға босып кеткен қазақтардың өмірі туралы деректерді VR арқылы көрсету.

VR технологиясын пайдалануға арналған платформалар:



Кесте-1.

Ашаршылық және босқыншылық туралы VR сценарий үлгісі:

Сценарий: *"Босқынның жолы" – 1931 жылы ашаршылыққа ұшыраған қазақ отбасының тағдыры*

Басты кейіпкер: Білім алушы VR көзілдірігін киіп, бір қазақ отбасының мүшесінің орнына еніп, ашаршылық пен босқыншылықты өз көзімен көреді.

Сюжет:

1-кезең: Қазақ ауылы. Мал-мүлкі тәркіленіп, Кеңес үкіметінің күштеп отырықшыландыру саясатына қарсы шыққан қазақтар қуғынға ұшырайды.

2-кезең: Ашаршылықтың ауыр кезеңі. Халықтың қырылып жатқанын көрсететін көріністер (нанға таласқан балалар, аштықтан әлсіреген адамдар).


3-кезең: Босқындық жолы. Қазақтар Ресей, Қытай немесе Өзбекстанға қарай босып барады, жол бойында түрлі қиындықтарға тап болады.

4-кезең: Босқындардың жаңа жерде өмір сүруі. Қытайдағы, Өзбекстандағы қазақтардың лагерьлерін көру.

Дыбыстық әсерлер: аштықтан әлсіреген адамдардың дауыстары, Кеңес әскерлерінің айқайлары, босқындардың жылауы.

Интерактивті әрекеттер: Оқушы шекарадан өту үшін шешім қабылдайды (мысалы, жасырыну немесе шекарадан заңсыз өту). Жол бойындағы кедергілерден қалай өту керектігін таңдауы керек. Босқындарға көмектесетін немесе оларға кедергі келтіретін тарихи тұлғалармен кездеседі.

VR технологиясының артықшылықтары



Кесте-2.

Болашақта VR арқылы оқытуға арналған ұсыныстар. Қазақстан тарихына арналған "Asharshylyk VR" атты арнайы цифрлық музей құру. Кеңес үкіметінің 1930 жылдардағы саясатын реконструкциялайтын VR ойын немесе симуляция жасау. "Қазақ босқынының жолы" атты иммерсивті фильм дайындау. Қазақ диаспорасының тарихын зерттеуге арналған VR-тренингтер жасау. VR технологиялары XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ халқының ашаршылық пен босқыншылық кезіндегі қиыншылықтарын сезінуге көмектеседі. Бұл әдіс тарихты тек оқулықтардан емес, шынайы өмірдегідей көруге және түсінуге мүмкіндік береді.

Цифрлық педагогика тарихты оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашады және тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге ықпал етеді. Осы технологияларды енгізу арқылы біз тарихты жаңа форматта оқытуға жол аша аламыз деген пікірдеміз.

Келесі деректер базасы – Архивтік құжаттарды цифрлық форматта сақтау және олармен жұмыс істеу.

Мультимедиялық материалдар – Тарихи деректі фильмдер, фото және видео материалдар (YouTube, Tarih Media, Қазақ ұлттық архивінің цифрлық ресурстары) (мысалы осы төменде сайттар материалдарындағы деректі фильмдер арқылы оқыту: <https://www.youtube.com/watch?v=iqj2vDzjMyU&pp=ygUb0LDRiNCw0YDRiNGL0LvRi9KbINCa0KTQINCX>, <https://www.youtube.com/watch?v=iqj2vDzjMyU&pp=ygUb0LDRiNCw0YDRiNGL0LvRi9KbINCa0KTQINCX>, <https://www.youtube.com/watch?v=7WTeOyIIGB8&pp=ygUb0LDRiNCw0YDRiNGL0LvRi9KbINCa0KTQINCX> [12].

Геймификация – Босқыншылық тақырыбындағы интерактивті викториналар, тесттер және тарихи реконструкциялар.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы босқыншылықтың цифрлық форматтағы дереккөздері. Электрондық мұрағаттар мен дерекқорлар: Қазақстан Ұлттық архиві – Ашаршылық және босқыншылық туралы құжаттар. Ресей Федералды архиві – Кеңес үкіметінің саясаты туралы мәліметтер. Түркия мемлекеттік архиві – Түркияға кеткен қазақ босқындары туралы деректер. Қытай архивтері – Қытайға көшкен қазақтардың тағдыры туралы құжаттар.

Онлайн платформалар:

- Google Earth, ArcGIS – Қазақ босқындарының көші-қон карталарын интерактивті түрде жасау.
- Tarih Media, YouTube – Ашаршылық пен босқыншылық туралы деректі фильмдер.
- Open Archive, NathiTrust Digital Library – Тарихи деректерді цифрлық түрде талдау.

Цифрлық оқытудың артықшылықтары:

Тарихи деректерді нақты көрнекі құралдармен ұсыну. Студенттердің белсенді зерттеу дағдыларын дамыту. Мультимедиялық материалдар арқылы эмоционалды әсер қалдыру. Оқушылардың өз бетінше деректермен жұмыс істеу қабілетін арттыру. Тарихты жалаң теория емес, нақты реконструкцияланған көріністер арқылы түсіну. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығы – халқымыздың басынан өткен ең ауыр кезеңдердің бірі. Бұл оқиғаларды жаңа технологиялар көмегімен оқыту оқушылардың тарихи санасын дамытуға, тарихи деректерді талдауға және тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге ықпал етеді.

Цифрлық тарих әдістері: Ашаршылық және босқыншылық карталарын визуализациялау. Мультимедиялық құралдар арқылы тарихи оқиғаларды көрсету Тарихи деректерді архивтік құжаттар арқылы зерттеу Оқушылардың өз бетінше зерттеу жүргізуіне мүмкіндік беру.

Осы әдістердің әсерінен болашақта зерттелетін мәселелер туындайды:

- XX ғасырдағы қазақ диаспораларының қазіргі жағдайы
- Шетелге кеткен қазақтардың тағдыры және тарихи-мәдени мұрасы
- Қазақ босқындары туралы тарихи деректерді цифрлық платформаға шығару

Ойландыратын сұрақтар:

1. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқындарының тағдырын зерттеуде цифрлық педагогика қандай рөл атқарады?
2. Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы ашаршылық пен босқыншылықты оқыту тиімді бола ма?
3. Тарихи деректерді визуализациялау оқушылардың тарихи оқиғаларға деген көзқарасын қалай өзгертеді?

I. Лекция соңында интерактивті тапсырма-1:

<i>Тапсырма:</i>	Google Earth немесе ArcGIS көмегімен XX ғасырдағы қазақ босқындарының көші-қон бағыттарын картаға түсіру.
<i>Сұрақ:</i>	Қазақ босқындарының тағдырын зерттеу үшін тағы қандай цифрлық ресурстар қолдануға болады?
<i>Қосымша оқу:</i>	Дж. Уинтерс – «Сандық тарих» (New York: Bloomsbury Academic, 2018) Винтерс Дж. – «Сандық тарих дегеніміз не?» (2009) Қазақстан тарихының 4 томы

Осы цифрлық әдістерді қолдану арқылы тарихты жаңа қырынан танып, зерттеу мүмкіндіктерін кеңейтуге болады. Төменде XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын цифрлық педагогика әдістерін қолдана отырып оқытуға арналған тапсырмалар мен олардың жауаптары берілген.

II. Теориялық білімді тексеру (Тест тапсырмалары). Тапсырма-2.

<i>Сұрақ 1:</i>	Төмендегі оқиғалардың қайсысы қазақ халқының жаппай босқыншылыққа ұшырауына әсер етті? A) 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс B) 1928 жылғы байларды тәркілеу C) 1931-1933 жылдардағы ашаршылық D) Барлығы дұрыс Жауабы: D) Барлығы дұрыс
<i>Түсіндірме:</i>	1928 жылғы байларды тәркілеу, 1929-1931 жылдардағы шаруалар көтерілістерін басып-жаншу, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық – қазақ халқының жаппай босқыншылыққа ұшырауының негізгі себептері болды.

Сұрақ 2:	Кеңес үкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына қарсы қазақ халқының көтерілістері қай жылдары өтті? А) 1917–1919 жж. В) 1929–1931 жж. С) 1937–1938 жж. D) 1941–1945 жж. Жауабы: В) 1929–1931 жж.
Түсіндірме:	Бұл жылдары Қазақстанның әртүрлі аймақтарында (Ақсу, Абыралы, Сарқан, Созақ және т.б.) Кеңес үкіметінің қатаң саясатына қарсы көтерілістер болды.
Сұрақ 3:	1931-1933 жылдары аштық кезінде қанша қазақ шетелге босып кетті? А) 500 мың В) 1 миллион С) 2 миллион D) 3 миллион Жауабы: В) 1 миллион
Түсіндірме:	Тарихи зерттеулер бойынша 1 миллионға жуық қазақ Қытай, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Моңғолия сияқты елдерге босып кетті.

III. Интерактивті тапсырма-3. (Картамен жұмыс)

Тапсырма-3. Төмендегі картаны пайдаланып, қазақ босқындарының көші-қон бағыттарын көрсетіңіз. Цифрлық құрал: Google Earth немесе ArcGIS карталарын пайдаланыңыз.

Жауабы:

- Қазақстан → Қытай (Шыңжаң аймағы)
- Қазақстан → Өзбекстан (Ташкент, Самарқанд)
- Қазақстан → Ресей (Орынбор, Алтай өлкесі)
- Қазақстан → Түркия (Иран, Үндістан, Пәкістан арқылы)

IV. Дереккөздермен жұмыс (Видео және құжаттар талдау)

Тапсырма-4: Келесі деректі фильмді көріп, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Фильм: «Ашаршылық» деректі фильмі (Tarih Media, YouTube)

Сұрақтар:

- 1 Ашаршылықтың негізгі себептері қандай?
- 2 Қазақ босқындарының қандай қиыншылықтарға тап болғанын сипаттаңыз.
- 3 Кеңес үкіметі қазақ босқындарына қандай шаралар қолданды?

Жауаптар:

- 1 Себептері: Жаппай ұжымдастыру, астық пен малды тәркілеу, күштеп отырықшыландыру, әкімшілік-жазалау саясаты.
- 2 Қиыншылықтар: Аштық, ауру, мал-мүлкінен айырылу, жолда қаза табу, шекаралық аймақтарда қуғындалу.
- 3 Шаралар: Көмек берудің орнына шекараларды жауып тастау, босқындарды кері қайтару, жазалау отрядтарының әрекеті.

V. Мәтінмен жұмыс (Құжаттарды талдау)

Тапсырма 5: Төмендегі Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хатынан үзіндіні оқып, сұрақтарға жауап беріңіз. «Қазақ халқы аштықтан қырылып жатыр, халық саны күрт азайды. Азық-түлік жеткізу мен көмек көрсету шараларын шұғыл қабылдауды сұраймын...»

Сұрақтар:

- 1 Бұл құжаттың тарихи маңызы қандай?
- 2 Кеңес үкіметінің қазақ халқының жағдайына деген көзқарасын қалай сипаттауға болады?

Жауаптар:

1. Бұл құжат Кеңес билігіне қазақ халқының аштыққа ұшырағанын алғаш рет ресми түрде мәлімдеген маңызды тарихи дерек.

2. Кеңес үкіметі бұл хатқа салқын қарады, ресми көмек көрсетпей, халықты қасақана қырғынға ұшыратты.

VI. Шығармашылық тапсырма (Зерттеу жұмысы)

Тапсырма 6: Қазақ босқындарының тағдыры туралы тарихи баяндама дайындаңыз.

Міндеттер:

Қазақ босқындарының қандай елдерге кеткенін анықтау.

Босқындар қандай қиындықтармен бетпе-бет келді?

Қазақ диаспораларының қазіргі жағдайы қалай?

Тапсыру форматы:

Презентация (PowerPoint, Canva, Google Slides)

Эссе немесе мақала (500–1000 сөз)

Видео баяндама (3–5 минуттық YouTube немесе TikTok контенті)

Бағалау критерийлері:

- Тарихи деректердің нақтылығы
- Көрнекілік және мультимедиялық материалдарды қолдану
- Тақырыптың жан-жақты ашылуы

VII. Дискуссия және пікірталас

Тапсырма 7: Төмендегі сұрақтар бойынша пікірталас өткізіңіз.

1. Егер сіз XX ғасырдың 20-30 жылдары өмір сүрсеңіз, босқындарға қандай көмек көрсетуді ұсынар едіңіз?

2. Бүгінгі таңда ашаршылық пен босқыншылық тақырыбын зерттеу не үшін маңызды?

3. Қазіргі қазақ диаспораларының тарихи отанына оралу мүмкіндіктері қандай?

Жауаптар: Оқушылар өз ойларын дәлелдеп, тарихи деректермен негіздеуі керек. Бұл тапсырмалар XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын цифрлық педагогика арқылы тиімді оқытуға көмектеседі. Интерактивті карталар, бейнематериалдар, құжаттарды талдау және зерттеу жұмыстары оқушыларға тарихи оқиғаларды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Келісі қарастыратын мәселе: сабақ жоспарларын мысал ретінде ұсынайық.

Сабақ жоспары

Тақырып: 1929–1933 жж. қазақ босқындары

Мақсаты: Тарихи оқиғаларды интерактивті цифрлық әдістер арқылы тереңірек түсіну.

Интерактивті материалдар.

1. Интерактивті карта – Босқын қазақтардың миграциялық бағыттары.

2. Демографиялық диаграмма – Халық санының өзгерісі.

3. Уақыт сызығы (Timeline) – 1928-1939 жж. негізгі оқиғалар.

4. Бейнебаяндар мен деректі фильмдер. Бұл әдістеме арқылы берілген тарихи материалдарды цифрлық құралдармен оқыту тиімді әрі қызықты болады.

Кіріспе (15 мин)


1. Бейнебаян көрсету → Кеңес үкіметінің репрессиясы туралы фильм (қысқа үзінді).

2. Дискуссия:

- "Қазақ халқы 1929–1933 жж. қандай қиындықтарға тап болды?"
- "Босқыншылықтың негізгі себептері қандай?"

Негізгі бөлім (40 мин)


1. Деректермен жұмыс: Интерактивті карта: Берілген материалда көрсетілгендей, қазақтар Қытай, Өзбекстан, Ауғанстан, Түркия елдеріне қоныс аударды. Оқушылар тапсырмасы: Картадан осы бағыттарды тауып, босқындардың көшу себептерін анықтау.



Кесте- 3.

Кесте-3 көрсетілгендей:

- 1926 жылы – 3,6 млн қазақ
- 1933 жылы – 2,3 млн (аштық пен босқыншылық салдарынан 1,3 млн адам жоғалды)
- 1939 жылы – 2,3 млн (кейбір босқындар оралған)



Кесте-4.

Тапсырма: Оқушылар материалдағы деректерге сүйене отырып, Timeline-ды толықтырады.

2. Интерактивті талқылау:

Minecraft симуляциясы:

Берілген материалда: Қазақтар ауылдарын тастап, шекара асып кетті.

Тапсырма: Оқушылар Minecraft-та босқын ауылын салады.

"Өмір жолы" ойыны:

Материалдағы фактілер: Сарқан, Ақсу көтерілістеріне қатысқан шаруалар Кеңес үкіметінен қашты. Кейбір қазақтар тірі қалу үшін шекара асуға мәжбүр болды.

Ойын сценарийі:

1-кезең: Сіз аштыққа ұшыраған қазақ шаруасының роліндесіз.

2-кезең: Шешім қабылдаңыз:

Қарулы көтеріліске қатысу

Кеңес үкіметіне бағыну

Шекара асып, босқын болу

3-кезең: Таңдаған жолдың салдарын көру (мысалы, қамауға алыну, аман қалу, қашу).

Оқушылар тапсырмасы: Ойын нәтижесінде алған шешімдер бойынша шағын эссе жазу.

Қорытынды (15 мин)

Оқушылардың жасаған карталары мен инфографикаларын талқылау

Сұрақ: "Тарихтан қандай сабақ алуымыз керек?"

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырау тарихи кезеңді Цифрлық педагогика аясында оқытудың әдістемелік негізін жасау үшін келесі тәсілдерді қолдануға болады: Цифрлық ресурстарды пайдалану бойынша мына әдiстемелер ұсынылады. Интерактивті карталар: Қазақ босқындарының көші-қонын көрсету үшін Google Maps немесе ArcGIS StoryMaps құралдарын пайдалану. Виртуалды мұражай: Ашаршылық пен қуғын-сүргін тарихына арналған мультимедиялық экспонаттар жасау (мысалы, ThingLink платформасында). 3D модельдеу: Босқын қазақтардың өмір сүрген орта жағдайларын көрсету үшін SketchUp немесе Tinkercad қолдану.

Ақпаратты визуализациялау

- Тарихи инфографикалар: Қазақ халқының демографиялық өзгерістерін Canva, Piktochart, Infogram арқылы инфографика жасау.
- Уақыт сызығы (Timeline): Tiki-Toki немесе Timetoast платформаларында босқыншылықтың негізгі кезеңдерін көрсету.
- Деректерді талдау: Сандық көрсеткіштер бойынша Excel/Google Sheets немесе Python (Pandas, Matplotlib) арқылы графиктер жасау.

3. Виртуалды және аралас шынайылық (VR/AR)

- VR экскурсиялар: Қазақ босқындарының Қытай, Өзбекстан, Түркия, Ресейдегі өмірін зерттеу үшін Google Expeditions немесе VRChat қолдану.
- AR қосымшалар: Телефон арқылы қазақтардың босқыншылық кезеңіндегі тұрмысын көруге мүмкіндік беретін Adobe Aero немесе Metaverse Studio сияқты платформаларды пайдалану.

Цифрлық ойындар мен симуляциялар

- "Өмір жолы" тарихи квесті: Студенттер босқын қазақтың ролін ойнап, шешім қабылдау арқылы түрлі жағдайларды зерттеуі мүмкін (Unity, Unreal Engine).
- Симуляциялық сценарийлер: Мысалы, қазақтардың Қытайға, Өзбекстанға немесе Ресейге көшіп баруы кезінде қандай қиындықтарға тап болғанын түсіну үшін Minecraft Education Edition пайдалану.
- Big Data және жасанды интеллект
- AI-powered мәтіндік талдау: XX ғасырдағы архивтік құжаттарды өңдеу және талдау үшін ChatGPT, IBM Watson сияқты AI құралдарын қолдану.
- Табиғи тілдерді өңдеу (NLP): Кеңес үкіметінің қуғын-сүргін құжаттарын сандық форматта сараптау үшін NLTK, Spacy кітапханаларын пайдалану.
- Сандық гуманитаристика және краудсорсинг
- Тарихи деректерді цифрландыру: Студенттер архив материалдарын сандық форматқа аударып, зерттеу жүргізу үшін Zotero, Omeka платформалары қолданылады.
- Қауымдастықпен зерттеу: Тарихшылар, мұрағатшылар, және жастар тарихи деректерді талдап, бірігіп Wikipedia, Google Scholar, academia.edu платформаларында ортақ жұмыс жасай алады. Цифрлық педагогика әдістерін қолдана отырып, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырау тарихын интерактивті әрі тиімді оқытуға болады. Бұл оқушылардың тарихи деректерді талдау дағдыларын дамытып, визуалды түсініктерін кеңейтеді.

Келесі қарастыратын мәселе мәтінді цифрлық әдістеме арқылы оқыту үшін бірнеше заманауи тәсілді қолдануға болады. Түркиядағы босқын қазақтардың екі санаты бар деп көрсетеді Қазақстан тарихының төртінші томында. Үндістанға Пәкістанға өтіп кетіп Түркияға барған қазақтарға түрік елі «serbest gosten» мәртебесін берген. Бұл мәртебе еркін мигрант деген мағынаны білдіреді. Бұл мигранттар Джейран пинар елді мекеніне орналасып, елдегі ең үлкен мемлекеттік фермаларға жұмысқа орналастырылды. Келген қазақтарға мигрант құжаты берілгенімен, көмек алғашында берілмеді. Тек 1952–1958 жж. ғана Түркияға келген қазақтарға ресми орналастырылған мигранттар ретінде, оларға түріктің заңдары бойынша алғашқы жылдарында түрік азаматтығы беріліп, жер тұрғын үй, мал бөлінді. Бұл қазақтар әскери қызмет атқаруға бес жылға босатылды. Келген қазақтарды түрік үкіметі Стамбулдағы босқындарға арналған Тузлаға, Серкеджиге, Зейтинбурну үш лагерьлеріне орналастырды. Бұл жерде үш мезгіл тамақтандырған, түрікше оқу мен жазуға және тоқыма ісіне үйретіп бейімдеген. Ал қыздардың көбісін кілем тоқуға үйреткен. Бұл лагерде қазақтар бір жарым немесе бірнеше ай өмір сүрген. Осы жерден үйреніп бейімделген соң оларды қалаған жерлеріне көшіп қонуға рұқсат берген. Сол жаққа барған қазақтар мал шаруашылығына қолайлы деп Батыс Анатолияға қоныстанды [13].

К.М.Ілиясова, Т.Я.Сәтбаева «Ашаршылық ақиқатын жаңаша зерделеу» атты мақаласында 1926–1939 жылдардағы Бүкілодақтық халық санағы, соның ішінде Қазақстандағы халық санағының өсімі кему туралы былай көрсетеді. 1926 жылы қазақтар 3 млн. 628 мың адамды (58,2 %) құраса, 1939 жылы 2 млн. 328 мың адамды (36,4 %) пайызды құраған. Ал орыстар саны 1926 жылы 1 млн. 275 мың (20,5 %), 1939 жылы 2 млн. 636 мың (41,2 %) адамды құраған. Автор осы демографиялық жағдайларды көрсете отырып бұл ұжымдастыру кезінде жергілікті тұрғындар саны азайып, сырттан келушілердің көбейгенін айғақтайды. Зерттеушілер Украина мен Қазақстандағы ашаршылықты салыстырмалы түрде шетел ғалымдарының еңбектерімен байланыстырып АҚШ, Канада, Австралия, Латын Америкасы және Шығыс Еуропа елдерінде ресми мойындалғаны жөнінде суреттейді. Бұл жерде осы авторлардың мақалаларында тағы бір қызықтырып кездестіретін материалдар сол кездегі ОГПУ-дің республика бойынша 82 % бай қожалықтарын анықтаған. Ірі байлардың 75 % -ы тәркілеуге ұшырап, жер аударылған [14].

Т. Рысқұловтың 1933жылы 11 наурыздағы Сталинге және сол кездегі Қазақстан өлкелік Комитетінің басшысы Мирзоян жолдасқа жазған хаттарын оқып көрсек. Ол хатта былай делінген екен. Қонысынан ауған қазақтар жөнінде Сталин жолдасқа жазған баяндау хатымның көшірмесін хабардар ету үшін осы хатпен бірге жолдап отырмын. Қонысынан ауған қазақтарды орналастыру жөніндегі ұсыныстардың жобасын әзірлеу үшін РСФСР халық комиссарлары Советінің жанынан құрылған комиссияның төрағасы ретінде мен бұл мәселемен жете танысып, қонысынан ауған қазақтарды ВКП(б) Орталық Комитеті тарапынан ерекше нұсқау болмайынша Қазақстан мен көршілес өлкелерге түгел орналастыру екі талай екенін анықтадым. Сіз мен Қазақстанның ішкі істеріне қол сұққысы келеді екен деп ойлап қалмаңыз, мен қойып отырған мәселе тек Қазақстан тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге жалпы мемлекеттік тұрғыдан айырықша маңызды болғандықтан, бұл мәселе жөнінде орталық комитетіне жазып отырмын. Қазақтар 1931 жылдың аяқ кезінен батап қонысынан ауып, бір ауданнан екінші ауданға және Қазақстаннан тыс жерлерге көшіп, көктемге қарай бұл көшу күшей түскен еді де, ал 1932 жылдың жазында қонысынан ауғандардың бір бөлігі мекендеріне қайтып оралған болатын, бұл мәселе орталық органдардың шұғыл араласуын қажет етіп отыр. Совет жолымен белгіленген ішінара шаралармен мәселе шешәлетән емес. Орталық комитеттің қаулысы бойынша дер кезінде бөлінген азық-түлік едәуір бөлігі тиісті жеріне жетпеген. Бұл мәселенің маңызы зор болғандықтан, сіздің осы хатпен танысып, аталмыш жайға араласуыңызды, сөйтіп ажалынан аштық жеткелі тұрған көптеген адамадардың өмірін сақтап қалуға көмектесуіңізді өтінемін [15].

З.Л. Акишев «Конфискация скота и имущества крупных баев полуфеодалов в Казахстане» атты еңбегінде Өлкелік комитеттің саясатын және елдегі ұжымдастыру

басталғандығын, осының салдарынан жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылығының бұзылғаны бейбіт өмірдің бұзылғандығы, келешек ұрпақтың болашағын жоюды көздеген соқыр, ақсақ, көтерең мал сияқты жүргізген саясатының сипаттаған. Осы автордың еңбегінен мындай дерек немесе материалдарды байқадық. Сол кезде қабылданған декретте 1928 жылдың 20 қыркүйегінен басталып, 1 ші қарашада аяқталады деген. Зерттеп іздену кезінде мұндай қатыгездік білместік бүкіл қазақ ұлтының жойлып кетуге әкеп соқты. Ізденушілер қалам тартып жазып жатқан әдебиетшілердің бұрында ешқайсы терең қозғамаған дейді. Қалам тарта қалған жағдайда бұлар кәмпескелеуді трагедия ретінде көрсете алмағанды дейді [16].

Қазақ босқындарының Өзбекстан жеріне аууындағы бір ерекшелік олардың негізінен қалаларға көптеп шоғырланы, баспанасыз, көшеде өмір сүруі еді. Бұлар негізінен мал-жаннан жұрдай болған, аштық апатының нақ аузында тұрған бейшара жандар болатын. Жағдайы адам төзгісіз ауырлап кеткендіктен босқындарға Өзбекстан үкіметі 1933 жылы қаңтарда шұғыл шаралар қолдануға мәжбүр болып, Өзбек Қызыл жартыайы қоғамына 515 мың сом ақша бөліп баспанасыз босқындарды тамақтандыру орындарын көптеп ашқан деседі. Өзбекстанда босып жүрген қазақтар Әндіжан, Қаргелан, Хаваст, Самарканд-Икрамов, Қаттақорған, Ново-Бухарский, Янчи-Юль аудандарында және Ташкент қаласында жиырмаекі тамақтандыру орындары ашылды. Олар ненмен және тағыда басқа тамақтармен үздіксіз тамақтандырылып қамтамасыз етілген. Авторлар Өзбек өкіметінің босқындарға жасаған мындай іс шараларында тізбектеп жазып алған. Босқындардың 6.050 мың адамы колхоздармен, совхоздарға жұмысқа жіберілген және 547 ауруханаға жатқызылған деңсаулықтарына байланысты. Ал 975 бала балалар үйін жіберілген. 346 адам осы аймақтарда қайтыс болған деп мәлімделген [17].

Осы жерде қазақ зиялысы, қоғам қайраткері, алашымыз Т. Рұсқұловтың ел үшін істеген жақсылықтары мынадан көрінеді. Зерттеушілер былай дейді Тұрар Қазақстан басшылары Мирзоянмен және Исаевпен келісе отырып, Орта Волгаға, Батыс Сібірге және т.б. аудандардағы қазақтарды Қазақстандағы аштық қайтқанша аталған жерлеге жұмысқа орналастыруға кіріскен дейді. Қазақ босқындарын Ресейдің өнеркәсіптік аудандарында орналастырып жұмысқа орналастыруды ұсынды. Тұрар ағамыздың бұл жасаған істерін аға буын былай дейді. Бірінші Қазақстандағы аш босқындарды аштықтан құтқару, Екіншіден қазақ босқындарын Ресейдің алдыңғы қатарлы өндіріс орындарында маман жұмысшы етіп қалыптастырып, онан соң оларды Қазақстанға қайтарып, республикадағы өнеркәсіп орындарын байырғы халықпен жасақтауға негіз қалау дейді [17, 194 б.].

Кеңес Одағының ресми деректеріне сенгеннің өзінде, 1930 жылдың жазынан 1933 жылдың жазына дейін 3 млн 379 500 қазақ ашаршылықтың құрбаны болған. Мұның бір миллионнан астамы көрші елдерге босып кеткендердің қатарына жатады. Енді төменде бұған 1921–1922 жж. аштық құрбандарын қосып қарасақ деймін. Онда 1,7 млн адам шейіт болды. 1937–1938 жж. 110 мыңнан аса адам қуғын-сүргінге ұшырады. Солардың 25 мыңнан астамы атылып кеткен. Естеріңізге сала кетейік, нәубеттің алды-артындағы санақ бойынша нақты деректер жоқ немесе құпия болуы мүмкін. Қазіргі айтылып жүрген мәліметтерге әлі де дәлел керек.

1932–1933 жж. Кеңес Үкіметінің қазақ ұлтын жойып жіберу мақсатында ұйымдастырған ашаршылығы кезінде одақ басшысы Сталин бастаған орталық билік Голощёкинді Қазақстанға басшылыққа жіберіп «Кіші қазан» төңкерісін ұйымдастырды. Шолақ белсенді салықшылар халықтың қолындағы бар мал мен астықты тартып алды. 1929 жаздағы санақта тіркелген 40 млн-нан астам малдан 1933 жылы жазда 4 млн бас қалған.

Нәтижесі: Қазақ халқының ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы босқыншылыққа ұшырауы – күрделі тарихи кезеңдердің бірі. Бұл кезең ұжымдастыру, күштеп отырықшыландыру, ашаршылық және саяси қуғын-сүргіннің әсерінен қазақ халқының басына түскен ауыр сынақтармен сипатталады. Цифрлық педагогика аясында осы тақырыпты оқыту тарихи сананы қалыптастыруда, деректерді визуалды түрде жеткізуде және оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Цифрлық әдістер, олардың берілген материалдармен тығыз байланысты. Төмендегі кестеде (Кесте-5) ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырауын оқытудың ең тиімді цифрлық әдістері көрсетілді.

№	Цифрлық әдіс	Құралдар	Берілген материалдармен байланысы (мысал)
1	Интерактивті карта	Google Maps, ArcGIS, Folium (Python)	1929–1933 жж. қазақ босқындарының Қытай, Өзбекстан, Түркияға көшуі туралы деректер
2	Деректерді визуализациялау (график, диаграмма)	Excel, Google Sheets, Matplotlib (Python)	1926–1939 жж. қазақ халқы санының өзгерісі (материалда келтірілген)
3	Уақыт сызығы (Timeline)	Tiki-Toki, Timetoast, Canva	1928–1939 жж. көтерілістер, ашаршылық, қуғын-сүргін оқиғаларын ретімен орналастыру
4	Виртуалды экскурсиялар (VR/AR)	Google Expeditions, 360° видео	1930-жылдары босқын қазақтардың лагерьлердегі жағдайын көрсету
5	"Өмір жолы" тарихи симуляциясы (Рөлдік ойын)	Minecraft Education, Twine, Google Forms	Сарқан, Ақсу көтерілістеріне қатысушы немесе босқын қазақтың ролінде шешім қабылдау
6	Жасанды интеллект және деректерді талдау	ChatGPT, IBM Watson, NLP (Python)	Кеңес үкіметінің архивтік құжаттарын талдау, Тұрар Рысқұловтың Сталинге хаты

Кесте-5.

Негізгі тұжырымдар: Цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану: Архивтік материалдарды цифрлық форматта ұсыну; Мультимедиялық карталар мен деректі фильмдер арқылы босқыншылық бағыттарын көрсету; интерактивті платформалар арқылы оқушылардың тақырыпты терең зерделеуіне жағдай жасау. *Бейімделген оқыту әдістерін қолдану:* Проектілік оқыту әдісі арқылы оқушыларға зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беру; Геймификация элементтерін енгізу (виртуалды турлар, квест-сабақтар). Сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар жасау. *Эмоционалдық әсерді арттыру:* Куәгерлердің естеліктері мен деректі хроникалар негізінде иммерсивті оқыту әдісін қолдану; Оқушылардың тарихи оқиғаларға деген жеке көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік беру.

Білімді бағалау мен рефлексия: Цифрлық тесттер мен викториналар арқылы оқушылардың білімін бағалау; Оқушылардың шығармашылық жобаларын (бейнероликтер, подкасттар, инфографика) әзірлеуге бағыттау

Қорытынды. Х ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын цифрлық педагогика аясында оқыту – тарихи шындықты жаңа технологиялар арқылы жеткізудің өзекті бағыты болып табылады. Бұл кезеңдегі тарихи оқиғалар қазақ халқының тағдырына үлкен әсер еткендіктен, оны оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар, заманауи цифрлық технологияларды қолдану маңызды.

Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ босқыншылығын оқыту әдістемесінің теориялық және практикалық аспектілері қарастырылды. Зерттеу барысында цифрлық ресурстар мен инновациялық платформалардың оқу процесінде тиімді пайдаланылуы тарихи білімнің сапасын арттыруға мүмкіндік беретіні анықталды.

Цифрлық педагогиканы қолдану оқушылар мен студенттердің тарихи оқиғаларды тереңірек түсінуіне, деректерді визуализациялау арқылы есте сақтау қабілетін жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл әдістер тарихи дереккөздерді кеңінен пайдалануға, интерактивті карталар мен мультимедиялық материалдарды енгізуге жол ашады.

Жалпы, ХХ ғасырдағы қазақ босқыншылығының тарихи сабағы бүгінгі қоғам үшін де маңызды. Оны оқытудың тиімді әдістемелік құралдарын жасау мен дамыту – тарихи шындықты ұрпақ санасына дұрыс сіңірудің кепілі. Сондықтан, цифрлық технологияларды

оқу үрдісіне енгізу арқылы тарихи оқиғаларды объективті әрі шынайы түрде ұсыну – болашақ зерттеулердің басым бағыттарының бірі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы/ 2020 жылғы 1 қыркүйек https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (қаралу уақыты 20.12.2024).
2. Беспалов П.В. Компьютерная компетентность в контексте личностно-ориентированного обучения//Педагогика. № 4, 2003.
3. Виштак О.В. Критерии создания электронных учебных материалов//Педагогика. № 8, 2003.
4. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Как сегодня преподавать историю в школе? М., 2000
5. Мультимедийные продукты обучения // Преподавание истории и обществознания в школе. № 1–3., 2001
6. Турсынбаев А.Б. Коллективизация сельского хозяйства в Казахстане. – М., 1957. - 577 с., 230-б.
7. Омарбеков Т. 1929-1931жж. халық көтерлістері: Зерттеу. - Алматы «Арыс», 2018. - 480 бет., 234-б.
8. Анафинова М.Л. геноцида в период великого голода в казахстане в академическом дискурсе западных исследователей. [Электрон. ресурс] — URL:<https://elibrary.ru/doi/10.26907/2541-7741.2024.1.1465>. (дата обращения: 25.01.2024.)
9. [Электрондық ресурс] — URL:<https://www.youtube.com/watch?v=OTH5EZBPDYU&t=48s>. (қаралу уақыты: 25.01.2024)
10. Көшпенділер. Деректі фильм. Иран қазағы - Тегерандағы Дүния. 8- бөлім. <https://www.youtube.com/watch?v=AmYaihuPHzM>. (қаралу уақыты: 20.03.2020).
11. Ашаршылық ақиқаты деректер мен дәйектер. [Электрондық ресурс] — URL: <https://youtu.be/zmS-pPralYc> (қаралу уақыты: 20.03.2024).
12. Ашаршылық ЦГА КФД. [Электрондық ресурс] — URL:https://www.youtube.com/results?search_query=%D0%B0%D1%88%D0%B0%D1%80%D1%88%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B+%D0%9A%D0%A4%D0%94%D0%97, <https://www.youtube.com/watch?v=OTH5EZBPDYU&t=48s> (қаралу уақыты: 20.05.2024).
13. Жаманбаева Л. Қ. Кеңестік күштеу саясатының зерттелуінің кейбір мәселелері ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. - 2011. - №4. - 63-б., 692-б.
14. Тәтімов М. Ауылдағы демографиялық ахуал. - Алматы, 1990. – 240 бет., 124–125-бб.
15. Турсынбаев А.Б. Коллективизация сельского хозяйства в Казахстане. - М., 1957. - 577 с., 178 б.
16. Акишев З.Л. «Конфискация скота и имущества крупных баев полуфеодалов в Казахстане. - Алматы-Москва, 1947. - 259 с., 67-б.
17. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих Тағылымы не дейді? - Алматы: Ана тілі, 1993. - 208 бет., 148-б.

References:

1. Tokayev K.-J. Zhana zhaǵdaidaghy Qazaqstan: is-qimyl kezengi [Kazakhstan in a New Reality: The Time for Action]. Address of the President of the Republic of Kazakhstan. 2020, September 1. Available at: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-

- [kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakhstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](#) (accessed: 20.12.2024). [in Kazakh]
2. Bepalov P.V. *Komp'iuternaya kompetentnost' v kontekste lichnostno-orientirovannogo obucheniya* [Computer competence in the context of personality-oriented learning]. *Pedagogika* [Pedagogy]. 2003, No. 4. [in Russian]
 3. Vishtak O.V. *Kriterii sozdaniya elektronnykh uchebnykh materialov* [Criteria for creating electronic educational materials]. *Pedagogika* [Pedagogy]. 2003, No. 8. [in Russian]
 4. Vyazemskii E.E., Strelova O.Yu. *Kak segodnya prepodavat' istoriyu v shkole?* [How to Teach History at School Today?]. Moscow, 2000. [in Russian]
 5. *Multimedia learning products. Prepodavanie istorii i obshchestvoznaniya v shkole* [Teaching History and Social Studies at School]. 2001, No. 1–3. [in Russian]
 6. Tursynbaev A.B. *Kollektivizatsiya sel'skogo khozyaistva v Kazakhstane* [Collectivization of Agriculture in Kazakhstan]. Moscow, 1957. 577 p., p. 230. [in Russian]
 7. Omarbekov T. *1929–1931 zhzh. khalyk köterilisteri: Zerteu* [1929–1931 People's Uprisings: Research]. Almaty: Arys, 2018. 480 p., p. 234. [in Kazakh]
 8. Anafinova M.L. *Genotsid v period Velikogo Goloda v Kazakhstane v akademicheskoy diskurse zapadnykh issledovatelei* [The Genocide During the Great Famine in Kazakhstan in the Academic Discourse of Western Researchers]. Available at: <https://e-history.kz/ru/content/view/detailed/1465> (accessed: 25.01.2024). [in Russian]
 9. *Ayitu da, estu de kiyn. Zhulmat statistikasy men derekter* [Difficult to Say, Hard to Hear: Famine Statistics and Testimonies of Survivors]. *Informburo.kz*. Available at: <https://informburo.kz/kaz/article> (accessed: 25.01.2024). [in Kazakh]
 10. *Koshpendiler. Dereky film. Iran Qazaǵy - Tegerandaghy Duniya. 8-bolim* [Nomads. Documentary Film. Iranian Kazakhs – Dunia in Tehran. Episode 8]. Available at: https://www.youtube.com/watch?v=AM_VathyRNM (accessed: 20.03.2020). [in Kazakh]
 11. *Asharshylyq aqyqaty: Dereky men daıekter* [Truth About the Famine: Facts and Evidence]. Available at: <https://youtu.be/zmS-pPralYc> (accessed: 20.03.2024). [in Kazakh]
 12. *Asharshylyq. Tsentral'nyi gosudarstvennyi arkhiv RK (TsGA RK)* [Famine - Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://www.youtube.com/watch?v=OTH5EZBPDYU&t=48s> (accessed: 20.05.2024). [in Russian]
 13. Zhamanbaeva L.K. *Sovetskaia politika prinuzhdeniia i nekotorye voprosy ee issledovaniia* [Soviet Coercion Policy and Some Issues of Its Research]. *Vestnik KazNU. Seriya Istorii* [Bulletin of KazNU. History Series]. 2011, No. 4, pp. 63, 692. [in Kazakh]
 14. Tatimov M. *Aıyldaghy demografialyq ahual* [Demographic Situation in Rural Areas]. Almaty, 1990. 240 p., pp. 124–125. [in Kazakh]
 15. Tursynbaev A.B. *Kollektivizatsiia sel'skogo khoziaistva v Kazakhstane* [Collectivization of Agriculture in Kazakhstan]. Moscow, 1957. 577 p., p. 178. [in Russian]
 16. Akishev Z.L. *Konfiskatsiia skota i imushchestva krupnykh baev polufeodalov v Kazakhstane* [Confiscation of Livestock and Property of Large Semi-Feudal Bais in Kazakhstan]. Almaty-Moscow, 1947. 259 p., p. 67. [in Russian]
 17. Koigeldiev M., Omarbekov T. *Tarikh tagylymy ne deidi?* [What Does Historical Experience Say?]. Almaty: Ana Tili, 1993. 208 p., p. 148. [in Kazakh]